



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҰСҚАУЛЫҚ










«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор
С.Н.Идрисов
01 2021ж.


АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ
КЕЗІНДЕГІ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

СМЖ № 137

Атырау 2021ж.


 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Алғашқы әскери дайындық сабақтарын өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	2 - бет, 9 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Алғашқы әскери дайындық сабақтарын өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 9 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары	4
5	Өзгерістер	8
6	Келісім алу, сақтау және тарату	9

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Алғашқы әскери дайындық сабақтарын өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	4 - бет, 9 беттен тұрады

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
- құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі инженеріне жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
- құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.

2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:

- ҚР - Қазақстан Республикасы
- АУ- Атырау университеті
- СМҚ – сапа мониторингі кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ТЖ – төтенше жағдай
- БӘД – бастапқы әскери дайындық
- АКМ – Калашников автоматы

3 Нормативтік сілтемелер


- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 АУ-дің ішкі тәртіп Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

4 Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары

4.1 БӘД кабинетінде сабақ өткізу кезінде:

Сабақ өткізу кезінде БӘД оқытушы-ұйымдастырушысы студенттер қауіпсіздік шаралары талаптарын орындауын қадағалайды.

- БӘД кабинетінде ішкі тәртіпті сақтау үшін кезекші тағайындалады.
- Барлық электр құралдары суырулы болуы тиіс.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Алғашқы әскери дайындық сабақтарын өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет, 9 беттен тұрады


- Электр құралдарымен, басқа да арнайы құралдармен жұмыс жасау оқытушы-ұйымдастырушы рұқсатымен жасалуы тиіс.
- Оқу-жаттығу мүліктері арнайы жасақталған шкафтарда сақталуы тиіс.

4.2 Қауіпсіздік шаралары:

- Тәртіп және қауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы тиіс.
- Сабақ жетекшісінің рұқсатынсыз өздігінен ештеңе жасауға болмайды.
- Сабақ басталар алдында қару оқталған ба, жоқ па тексеру керек.
- АКМ-ды немесе басқа қаруды тексеру кезінде, магазинді жабдықтау және қайта . кезінде сақ болып, әрекет жасау ретін сақтау керек.
- Оқталған ба немесе жоқ па, оқу немесе соғыс қаруы ма, қарамастан, қаруды адамдарға бағыттау қатаң тиым салынады.
- Сабақ аяқталғаннан кейін қаруды сақтандырғышқа (преохранитель) қою керек.
- Оқу патрондарымен магазинды оқтаған кезде, олардың арасында жауынгерлік патрондар жоқ екеніне көз жеткізу керек.
- Патрон капсюлін соғып алмау керек.
- Қарудан ату кезінде барлық әрекеттерді тек жетекшінің командасымен ғана орындау керек.
- Оқу мақсатында, осечка бар патрондарды пайдалануға тиым салынады.
- Ату аяқталған соң немесе үзіліс кезінде, сонымен қатар қаруды басқа адамға беру немесе қаруды алу кезінде, ең алдымен, оның оқталмағандығына көз жеткізу керек.
- Ату кезінде, қаруды оқталған ба жоқ па, қарамастан, стволын жоғары қаратып, нысананың бағытында ұстау керек.
- Мына жағдайларда шұғыл түрде ауды тоқтату және қаруды ... керек: ауды тоқтату жөнінде команда келгенде, ақ ту көрінгенде немесе ату секторында адамдар немесе жануарлар пайда болған кезде.
- Қаруды затворы жабық және курок төмен түсірілген күйінде алып жүру және сақтау керек.
- Гранаттарды запалдарынан бөлек, гранат таситын сөмкелерде тасу керек.
- Тасымалдау кезінде запалдар қағазға немесе матаға оралуы тиіс.
- Сөмкеге салмас бұрын гранаталар мен запалдарды ойыстар мен таттын болмауын тексеру керек.
- Запалдар таза болу керек және тасымал кезінде соқтығыстан, оттан, ластанудан және ылғалдандан сақтау керек.
- Гранаттарды және запалдарды оттың қасында кептіруге болмайды.
- Жауынгерлік гранаттар мен запалдарды БӘД сабақтары мақсатында пайдалануға болмайды.
- Жауынгерлік гранаттарды бөлшектеуге және олардың ақаулықтарын жоюға тиым салынады.

4.3 АКМ оқу автоматы, қол гранаталары мен патрондарды пайдаланғанда:

Автоматты қолданған кезде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек. Сабақ басталар алдында автоматтың оқталмағандығын тексеру керек. Автоматты тексеру, магазинді оқтау және оғын алып тастау кезінде сақ болып, әрекет ету ретін сақтау керек. Курокты баспас бұрын, автоматтың биіктік бұрышы белгіленеді. Оқталған немесе оқталмағандығына қарамастан, автоматты адамдарды бағыттауға болмайды, сабақ аяқталған соң автомат сақтандырғышқа қойылуы керек. Магазин оқу патрондарымен оқталған кезде, олардың ішінде соғыс немесе бос патрондарының жоқ екенін тексеру керек. Патрон капсюлінің соғылмауын қадағалау керек. Сабақ кезінде ойысы бар патронды пайдалануға тиым салынады.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Алғашқы әскери дайындық сабақтарын өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 9 беттен тұрады

4.4 Автоматты шашып және жинау кезінде:

Шашу және жинауды үстел үстінде немесе таза жапқыш жасау керек; бөлшектер мен механизмы шашылған бағытында қойып, оларды сақтықпен пайдалану керек. Шашу және жинау кезінде артық күш қолдану және кенеттен соғып қалмау керек. Жауынгерлік автоматтармен шашу және жинау сабақтарын өткізу ерекше жағдайларда ғана мүмкін болады; ол кезде бөлшектер мен механизмдерді ұстағанда өте сақ болу керек.

4.5 Үзілді-кесілді тиым салынады:

- жетекшінің командасына дейін қаруды оқтауға және «Атындар» командасына дейін;
- қаруды оқталған немесе оқталмағанына қарамастан, адамдарға, жанына және ату алаңының тылына бағыттауға;
- ақ ту көтеріліп тұрған кезде, ақаулығы бар қарудан қауіпті бағытта оқ ағуды бастауға;
- қай жерде болмасын оқталған қаруды тастап кетуге немесе басқа тұлғаларға беруге;
- ату алаңының жарылмай қалған соғыс гранаттары бар және басқа да жарылыс қаупі бар учаскелеріне кіруге және оларды қозғауға.

4.6 Қоян-қолтық ұрыс кезінде:


- қозғалыс кезінде автоматпен ұрыс тәсілдерін орындағанда жаттығулар жасау ретін, білім алушылардың аралықтары және қашықтықтарын қатаң сақтау керек;
- серіктесті құшақтап алу немесе лақтыру кезінде қолынан ұстап, құлап қалуын болдырмай, сақтандыру керек;
- қарусыздандыру тәсілдерін меңгерген кезде штык, пышақтардың ұшына жұмсақ ұштықтар кигізу керек;
- қаруды жұлып алу, қолдарын қайыру және күш көрсету тәсілдерін тез бастап, жәй, көп күш қолданбай, бітіру және серіктесінің белгі беруінен кейін тәсілді орындауды тез арада аяқтау керек. Пышақпен ұруды, жұдырықпен және аяқпен жасалатын тәсілдерді тұлыптар мен нысаналарды пайдаланып орындау керек.

4.7 Студент міндетті:

- оқытушының жетекшілігімен қаруды және құралдарды сақтау орнына жинап қоюға;
- ұйымдасқан түрде сабақ өткізу орнын босатуға;
- киім ауыстыру орнында костюм және аяқ киім шешуге;
- қолдарын сабынмен жууға.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі. Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Алғашқы әскери дайындық сабақтарын өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	7 - бет, 9 беттен тұрады

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық ҚББ қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіздер мыналар болады:

- заңды күші бар нормативті-құқықтық актілерге қайта енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлулер;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталуы және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарына және ИСО 9001:2015 сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына ҚББ жауапты болып табылады.

